**Ауданның бюджеттік комиссиясы туралы**

Атбасар ауданы әкиматының 2003 жылғы 20 наурыздағы N а-3/100 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 сәуірде N 1730 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-11 Заңы және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" № 357-1 Заңына сәйкес Атбасар ауданының әкімдігі қаулы етті:

1. Қосымша бойынша ауданның бюджеттік комиссиясын құру.

2. Аудандық мәслихат сессиясына ауданның бюджеттік комиссиясының арнайы құрамын бекітуге енгізу.

3. Бюджеттік комиссия туралы ұсынған Ережені бекіту.

4. Атбасар ауданы әкімдігінің 2002 жылғы 27 наурыздағы "Бюджет бағдарламаларын тиісті қаржы жылына және келешекте іске асыруға аудандық бюджеттің жобасын қалыптастыру бойынша бюджеттік комиссия туралы" N а-3/33 қаулысы күшін жойды деп саналсын.

5. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Атбасар ауданының әкімі*

"Ауданның бюджеттік комиссиясын бекіту туралы" Атбасар ауданы әкімдігінің қаулысына қосымша
20.03.2003ж. N№3-а/100<*>

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияға - Ақмола облысының Атбасар ауданы әкимиятының 2004 жылға 27 мамырдағы N а-5/90 қаулысымен.

**Ауданның бюджеттік комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Ахмедьянов Қабидолла Үгібайұлы - аудан әкімі, комиссия төрағасы

Пішенова Жамал Әбдіғалиқызы - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Корн Зинаида Сергеевна - ауд. қаржы бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Серкебаева Марияш Нұркенқызы - аудандық Қаржы бөлім меңгерушісінің орынбасары, бюджет бөлімінің бастығы

Жакина Әлия Құсманқызы - аудандық қаржы бөлімінің болжамдау және кіріс түсімін сұрыптау бөлімінің бастығы

Кот Владимир Иванович - аудандық Қазынашылық бөлімінің бастығы /келісімі бойынша/

Хитров Владимир Григорьевич - аудандық мәслихаттың бюджеттік-жоспарлау комиссиясының төрағасы

Жәкенов Бахытжан Нүкешұлы - әкім аппаратының экономикалық реформа бөлімінің меңгерушісі

Ыдырысов Қанат Мұратұлы - Салық комитетінің бастығы

Күзембаева Динара Тілеубергенқызы-ауд. қаржы бөлімінің жетекші маманы, комиссия хатшысы

Атбасар ауданы әкімдігінің Қаулысымен бекітілді
20.03.2003ж. N№3-а/100

## Аудандық бюджет комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Нақты Ереже аудандық бюджет комиссиясының қызметін тұрақты негізге қатысты реттейді /алдағы - Комиссия/.

2. Комиссия қызметінің құқықтықөнегізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Ереже құрайды .

## 2. Комиссияның мақсаты

3. Комиссия қызметінің басты мақсаты аудан бюджетінің жобасын тиісті қаржы жылына және аудандық бюджеттің анықталуы мен орындалуы бойынша ұсыныстар дайындауда дер кезінде және сапалы дайындалуын қамтамасыз етеді.

## 3. Комиссияның міндеттері мен қызметтері

4. Комиссияның басты міндеттері үш жылдық кезеңге аудандық бюджеттің басты болжамдық көрсеткіштерін ауданның әлеуметтік-экономикалық даму индикативтік жоспары негізінде орташа жылдам кезеңге қарау болып табылады;

ауданның жергілікті өкілді органына келер қаржы жылына аудандық бюджет жобасы мен келер 3 жылдық кезеңге аудандық бюджеттің болжамдық көрсеткіштерін құру және ұсыну;

аудандық бюджеттің басты болжамдық көрсеткіштерін келер үшжылдық кезеңге, аудандық бюджеттің жобасын тиісті қаржы жылына, мемлекеттік салалық бағдарламаларды, ауданның әлеуметтік- экономикалық даму индикативтік жоспарын тиісті кезеңге сәйкестігін белгілеу;

Аудандық бюджетті тиісті қаржы жылына нақтылау бойынша ұсыныстар шығару.

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі қызметті жүзеге асырады:

1) Комиссияның жұмыс органы дайындаған материалдарды қарайды және анықтайды:

аудандық бюджеттің болжамдық көрсеткіштерін шығын лимиттерін қоса, келер үшжылдық кезеңге, оның ішінде ағымдағы жылы орындалған жобалар есебімен инвестициялық жобалар бойынша;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың келер үш жылғы кезеңге ағымдағы жылы орындалған жобаларының есебімен тізбесі мен көлемі;

ағымдағы қаржы жылының басына орай құрылған бюджеттік бағдарламалар / бағдарламашалар/ бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қаржы жылында жоспарланған кредиторлық қарыздарын өтеу көлемі;

келер қаржы жылына аудандық бюджеттің жобасы;

басқа көрсеткіштер, "Бюджет жүйесі туралы"»Қазақстан Республикасының Заңының 18-2 бабымен бекітілген;

2) Шешімді қарайды және шығарады:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті бюджет бағдарламалары әкімшіліктерінің бюджеттік тапсырмасы бойынша;

3) ұсыныстар бойынша дайындалып және қаралатындар:

аудан бюджетін анықтау;

бюджет бағдарламасының паспортын анықтау және бюджет бағдарламасының орындалу қорытындысы туралы ақпарат негізінде бюджет бағдарламасының келешекте орындалуы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасымен аумақтың

экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы;
4) Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес басқа қызметтерді де жүзеге асырады.

## 4. Комиссияның құқығы

6. Өз міндеттеріне сәйкес Комиссия құқылы:
1) аудандық бөлімдер және ұйымдармен өзара бірлесіп әрекеттесуі, сондай-ақ Комиссия міндеттерін орындау үшін жұмысқа мамандар мен сарапшыларды тартуға;
2) өз құзырына енетін сұрақтар бойынша шешім қабылдауға және ұсыныстарын енгізуге;
3) белгіленген заң тәртібімен Комиссия міндеттерін орындау үшін ауданның және басқа ұйымдардан қажетті материалдар алуға және талап етуге;
4) Комиссия отырыстарында Комиссияның міндеттерін орындауға байланысты сұрақтары бойынша аудандық бюджет бағдарламаларының әкімшіліктерін тыңдауға.

## 5. Комиссияның қызметі және құрылу тәртібі

7. Комиссия құрамы аудан әкімдігімен белгіленеді және аудандық мәслихат сессиясында бекітіледі.
8. Комиссияның органдары:
1) жұмысшы органы;
2) Комиссия төрағасы;
3) Комиссия төрағасының орынбасарлары;
4) хатшы.
9. Комиссия отырыстарының арасындағы кезеңде оның қызметін ұйымдастыру сұрақтарын Комиссияның жұмысшы органы шешеді.
10. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның жұмыстарын жоспарлайды, оның шешімдерінің орындалуы бойынша жалпы бақылау жасайды және Комиссиямен орындалатын оның қызметіне жауапкершілікте болады.
Комиссия төрағасының жоқ уақытында оның қызметін төрағалыққа тағайындалған орынбасары орындайды.
11. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және оны өткізгеннен кейін хаттама ресімдейді.
12. Жұмыс жоспары-кестесі Комиссиямен белгіленеді. Аудандық бюджет жобасын дайындау кезінде жұмыс жоспары-кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген жергілікті бюджет жобасын дайындау Ережесімен белгіленген мерзім бойынша белгіленеді.
13. Комиссия мүшелері отырыстарда басқа тұлғаларға қатысуға өз өкілеттігін

беруге құқылы емес.

14. Комиссия шешімі ашық дауыспен, сондай-ақ Комиссия мүшелерінен сұрау жолымен қабылданады, егер Комиссия мүшелерінің жалпы санынан артық дауыс берілсе қабылданды деп саналады.

Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады.

Комиссия төрағасы берген дауысқа берген дауыстар тең болған жағдайда шешім қабылданды деп саналады.

15. Әрбір сұрақ бойынша дауыс қорытындысы көрсетілген Комиссия отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарды қарау нәтижесі тиісті хаттамаға енгізіледі және мынадай жағдайларда, төрағамен белгілеген отырысқа қатынасушы комиссия мүшелерімен рұқсатнама қойылады.

Егер комиссия мүшелері қабылданған шешімге қарсы болса, өздерінің көзқарастарын жазбаша түрде білдіруге хұқығы бар, ол отырыстың хаттамасына енгізіледі.

16. Комиссияның шешімі, өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау мақсатында қабылданған комиссия шешімдері көрсетілген мерзімде барлық мемлекеттік органдармен міндетті түрде қаралуға және орындалуға жатады.

17. Комиссияның жұмыс органының қызметі жергілікті өкілетті органға - қаржы басқару жағынан әкім өкілдігі аудандық қаржы бөліміне жүктеледі.

18. Жұмыс органының қызметтері комиссиямен белгіленген күн тәртібіне және мерзіміне сәйкес отырысқа материалдар дайындау, оны комиссия мүшелеріне, аудандық бюджет бағдарламасының әкімшіліктеріне және жергілікті атқару органына тарату, комиссия отырысының хаттамасын дайындау, сондай-ақ басқа нормативтік құқық актілері мен осы Ережеден шығатын басқа қызметтері болып табылады.

## 6. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

19. Комиссия қызметінің тоқтатылу негізіне аудандық мәслихат сессиясында бекітілген комиссия қызметінің тоқтатылуы туралы аудан әкімдігінің қаулысы қызмет етеді.

20. Осы Ереженің 19-бөлімінде көрсетілген жағдай түскен кезде Комиссия қызметінің тоқтатылуына аудандық мәслихатқа істелген жұмысы туралы есеп беру хаты жолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК